# Жетісу шұғыласы

№ 13 (9002),
жұма, 12 сәуір
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.




## ТАБИҒИ СИПАТТАҒЫ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛДАРЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯНДЫ (ЗАЛАЛДЫ) ӨТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ




*Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №1358 қаулысы*

*Алгоритм*

*1.Материалдық залал келтірілген зардап шегушілер ТЖ туындаған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде жергілікті атқарушы органға (әкімдік) материалдық залалды өтеу туралы өтініш береді.*

*Жәбірленушінің өзінің өтініш жазуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның туыстары немесе сенімхат негізінде өзге де адамдар, сондай-ақ егер жәбірленуші кәмелеттік жасқа толмаған болса, заңды өкілдері келтірілген зиянды (залалды) өтеу туралы өтінішпен жүгіне алады.*

*Келтірілген залалды өтеу туралы өтінішке: зардап шегуші адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; табиғи сипаттағы ТЖ туындаған сәттен бастап немесе ТЖ жою кезеңінде зардап шеккен адамның жоғалған және/немесе бүлінген мүлкінің тізбесі қоса беріледі.*

*2. Өтініштер мен құжаттарды тіркеуді әкімдік зардап шегушіге құжаттардың қабылданғанын растайтын қолхат бере отырып, материалдық залалды өтеу туралы өтініштерді тіркеу журналында жүргізеді.*

*3. Материалдық залалды өтеу туралы өтініш әкімдікке құжаттар келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралады.*

*4. Әкімдік өтініш тіркелген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде бағалаушыны тарта отырып, келтірілген залалдың мөлшерін бағалауды (өтініш берушінің мүлкіне қолжетімділік болуға тиіс) ұйымдастырады. Жәбірленуші бағалау жүргізілетін уақыт пен орынды анықтайды, кейін жәбірленуші бағалау туралы есеппен танысуға тиіс.*

*5. Әкімдік бағалаушы қорытынды шығарғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның және облыстық маңызы бар қаланың бюджетін атқару жөніндегі уәкілетті органмен келісілген қаражат бөлу туралы шешім қабылдайды.*

*6. Зардап шеккендерге төлем тиісті шешім қабылданғаннан кейін күнтізбелік 30 күн ішінде жүзеге асырылады.*

*Мүлікті толыққанды әрі сапалы бағалау үшін сарапшылардың жұмысы су тасқыны жағдайы тұрақталып, үйлер мен аула аумақтарынан су толығымен тартылғаннан кейін басталады.*

*Жергілікті атқарушы органдарға қажет болған жағдайда өтініштерді қабылдау мерзімін ұзарту тапсырылды.*

**primeminister.kz**

## ОЛЖАС БЕКТЕНОВ БАТЫС ӨҢІРЛЕРДЕГІ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ ЕКІНШІ ТОЛҚЫНЫ БОЛЖАМДАРЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ГИДРОҚҰРЫЛЫСТАРДЫҢ ЖАЙ КҮЙІН ТЕКСЕРДІ

*Премьер-Министр, Су тасқынына қарсы іс-шараларды үйлестіру және су тасқыны кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың жетекшісі Олжас Бектенов Батыс Қазақстан облысында жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын және Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау шараларын тексерді.*



*Өңірде су тасқынына қатысты күрделі жағдай қалыптасып отыр. Осыған байланысты Үкімет басшысы тікұшақпен аралау кезінде Жайық өзені арнасының жай-күйімен танысты. Үкімет басшысы елді мекендерге келетін судың көлемін азайту мақсатында су қоймалары жүйесінде суды барынша жинақтау жөнінде тапсырмалар берді.*

*Тұрғызылған бөгеттерді қарап шыққаннан кейін Олжас Бектенов тұрғындардың өмірі мен денсаулығын және мүлкін барынша қорғау үшін жұмыс қарқынын бәсеңдетпеуді тапсырды.*

*«Қазіргі уақытта Ақтөбе, Қостанай, Құлсары қалаларындағы жағдай тұрақталып келеді. Петропавлда су тасқынының шарықтау шегі басталады, мұнда негізінен бау-бақша серіктестіктері су басу аймағында қалмақ. Жайық өзенінде күрделі жағдай сейілмеді. Ауқымды су көлемі Ресей Федерациясы аумағында айтарлықтай шығын келтіріп, Орал мен Атырауға қарай жылжып келеді. Бүгінде Жайық өзеніндегі су деңгейі 7,2 метрді құрап, күн сайын артып келеді. Қауіп белгісі – 8,5 метр. Судың қауіпті деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік беретін қорғаныс бөгеттері салынды. Қазір басты міндет – Орал мен Атырауды тасқыннан сақтап қалу. Ол үшін әкімдіктердің, ТЖМ, Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық ұланның арнайы техникалық күштері жұмылдырылды. Еріктілер көп көмек көрсетуде. Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Батыс Қазақстан және Атырау облыстарының әкімдеріне қажет болған жағдайда су басу аймағындағы үйлерін тастап шығудан бас тартқан тұрғындарды мәжбүрлі түрде эвакуациялау тапсырылды. Бұл ретте барлық бос үйлер полицияның тәулік бойы бақылауында болады», — деп атап өтті Олжас Бектенов.*

*Сонымен қатар Үкімет басшысы тұрғындардың сауалдары негізінде әкімдіктерге су тасқынынан келтірілген залалды өтеу алгоритмін түсіндіру жұмыстарын жүргізуді тапсырды.*

*«Су тасқынының басталу уақыты әр өңірде әртүрлі. Кейбір тұрғындар өтініш беру мерзіміне қатысты алаңдап отыр. Уақыт шектеулеріне қарамастан тұрғындардың өтініштерін қабылдау қажет. Жоғарыда айтқанымдай, бюрократиялық әрекеттерге жол берілмеуге тиіс», — деп атап өтті Олжас Бектенов.*

**primeminister.kz**

## “ТАЗА ҚАЗАҚСТАН” ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ АУДАНЫМЫЗДА ЖҮРГІЗІЛУДЕ



***Баршамызға мәлім, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын бастауға үндеу жолдады. Су тасқынына ұшырамаған облыстар мен қалалардың әкімдеріне көшелерді тазарту, көгалдандыру және елді-мекендердің аумақтарын абаттандыру науқанын жөніндегі науқанды бастауды тапсырды.***

Қадірлі жерлестер! Ардақты ағайын!

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, тату тірлік пен береке-бірліктің бесігі - Ескелді өңірінде бүгіннен республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы науқаны бастау алды. Тазалық пен тәртіп - кез-келген аймақтың табысты дамуының кепілі ғана емес, тұрғындардың мәдениеттілігінің өлшемі.

«Тазалық - табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау - әрбір азаматтың басты міндеті. Аудан шырайын шұғылалы ету мақсатында биыл да ауданды көріктендіру, көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізу жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Сенбілік - бұл ұжымдық рухты, бірегейлікті, ауызбір¬шілікті көрсететін керемет шара. Аталған шара тұрғындардың табиғатқа деген жақсы қарым-қатынасын қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға бағытталады. Әр адам өз үйін әдемі, ауласын таза ұстаса, ауылдың тазалығы мен көркіне көрік қосар еді.

Бүгін сенбілікке шығып, талдарды әктеп, айналаны сыпырып, қоқыстарды жинап жатырмыз. Әр адам сенбілікке кішкене де болса ат салысып, үлесін қосса, тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі. Жанға рахат, көңілге шаттық сыйлайтын тазалық шараларына алдағы уақытта да аудан тұрғындары белсене қатысса, нұр үстіне нұр болар еді. Ауламызды гүлдендіріп, көшелерімізді көркейтеміз десек, санитарлық тазалықты өзімізден бастағанымыз жөн. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық.

Қашан да халық үшін ауыл – руханияттың темірқазығы, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі, береке-байлықтың бастауы. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс.

Ұлы жол алғашқы қадамнан басталады. Осы ретте, тазалық айлығы аясында аудан халқы туған жерді түлетуге атсалысады деп сенеміз.

***Барша жерлестерімді, еңбек ұжымдары мен кәсіпкерлерді игі бастаманы өз үйінен бастап, аулалар мен көшелердің тазалық жұмыстарына ұйытқы, жақсы істерге дәнекер болуға шақырамыз.***

***Тазалық біз бен Сізден басталады!***

***Туған жерімізді бірге көркейтейік!***

**Ахметов Елдос ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ.**
**Құрметпен, Ескелді ауданы әкімі**



# МЕДИАЦИЯ МАҚСАТЫ - ОРТАҚ МӘМІЛЕ




***Халқымыз ежелден тура сөзге тоқтаған, ел мен ел арасын бір ауыз сөздің құдіретімен бітістіре білген шешен де дана халық. Бабалардан қалған дауды өзара бітімгершілікпен шешу дәстүрі бүгінде қайта жаңғырып, ел арасында кеңінен қолданылып келеді. «Медиация» деген заманауи атаумен аталатын тараптарды мәмілеге шақыру әдісі біздің халқымызда би-шешендердің институтынан бастау алады.***

Тараптар арасында даулы мәселелер туындаған кезде бірден соттың төрелігіне жүгінбей, медиацияның мәмілеге шақыру функциясына мойын бұрар болса, бұл дауласушы тараптардың қай-қайсысы үшін де дұрыс шешім болмақ. Себебі медиация арқылы тараптардың татуласуы кезінде уақыт үнемделеді, мемлекеттік баж секілді шығындар шықпайды, екі тарапқа да ұтымды тұстары көп. Медиацияның тағы бір оңтайлы жағы - қаржылық жағынан соттық шығынға қарағанда төмендігі және уақыттың үнемділігінде. Сотта іс әдетте ұзаққа созылады, ол тіпті айларға созылуы мүмкін. Бірнеше мәрте сот отырыстары белгіленеді, оған тараптардың бірінің өкілдері келмеуі де мүмкін, сөйтіп жағдай ушыға түседі. Бұл ретте медиацияға қатысушы тараптардың еріктілігі мен жеделдетілген шараның бейресмилігіне қатысты ерекшеліктері алдыңғы қатарға шығады. Медиацияны еліміздегі барлық салада дамытуға көңіл бөлініп келеді. Әсіресе дау шешуде татуластыру рәсімдерінің орны бөлек. Бабалардан қалған дауды өзара бітімгершілікпен шешудің тамаша тәсілдері заманауи заңдарымызда да көрініс тапты. Осыған орай, сот сотқа жүгінушілерді заң аясында татулыққа шақыруда. Қазіргі таңда дамыған елдердің бәрінде дауды шешудің әртүрлі әдістері белсенді енгізіліп жатыр, соның ішінде медиация ерекше және басым орын алып отыр, осылайша даулардың 80-90 пайызы сотқа жеткізілмей, медиация арқылы шешіледі. Медиация туралы заңның аты бөлек болғанымен, біздің халқымыз оны бұрыннан қолданып келеді. Олай дейтініміз, қазақ үшін бітімгершілік - билік айтудың ең озық өнегесі саналады. Дана билеріміз, атап айтқанда, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер дау атаулыны бітімгершілік жолымен бітіріп отырған. Мұндағы мақсат елдің бірлігін сақтау, сол арқылы халықты татулыққа үндеген. Қазіргі заңдарымызда бұл норманың жандануы мемлекетіміздің тұтастығын нығайтуда үлкен рөл атқарады. Билер соты дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан билік институтын құқықтық нормаларды реттеудегі озық үлгісі десек, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің басты мақсатымыз.

Медиация – бұл қажетті институт, өйткені біздің қазіргі мемлекет барлық қолданыстағы салаларда белсенді дамып келеді. Тәжірибе көрсеткендей, медиация институты өзінің тиімділігі мен қажеттілігін дәлелдеп, даулар мен жанжалдарды шешудің танымал құралына айналды. Сонымен қорыта келгенде сотқа жүгінген әрбір тарапқа істі медиация тәртібінде аяқтауға шақырамыз.

**Гульжазира САДАБАЕВА ,**
**Ескелді аудандық**
**сотының төрағасы**

# ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

***Бүгінгі таңда мемлекетіміз қарқындап басып,күн санап өркендеп өсіп қанатын кең жайып келеді. Дамуымызды тежеп тұрған бірақ нәрсе ол сыбайлас жемқорлық. Еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдақтарының бірі ретінде айқындалған. Сыбайлас жемқорлықпен күрес көптің белсене ат салысатын ісі. Осыған байланысты әр бір мемлекеттік органдарда оған қарсы әрекеттің іс- шаралар жоспары белгіленіп бекітіледі, сондай ақ тиісті ауқымды жұмыстар атқарылады.***

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңды барлық жеке және заңды тұлғалар назарда ұстауы керек. Мемлекеттік органдармен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Сыбайластықпен курестe жазалау шараларымен қатар, құқық бұзушылықтың алдын алуда маңызды екенін назарда ұстаған жөн. ҚР ауылшаруашылық министірлігі агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекцияларымен фитосанитариялық және карантиндік сертификаттарды беру жөнінде тауар тасмалдаушыларға республикадан тыс жерлерге фитосанитариялық сертификат, республика аумағында карантиндік сертификат береді. Мемлекеттік қызмет көрсету тегін жүргізіледі. Фитосанитариялық сертификат (3 бес) жұмыс күні ішінде, карантиндік сертификат (1үш) жұмыс күні ішінде рәсімделеді. Рәсімдеу жұмысы төмендегідей жұмыс кестесі бойынша жүргізіледі. Дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 13-00.14-30 дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9-00.18-30 дейін, ал демалыс мереке күндері сертификат рәсімдеу ҚР еңбек заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

**Н.И.ИСАҒАЛИЕВ,**
**Ескелді аудандық аумақтық**
**инспекциясының басшысы**

# ФАРАБИ УНИВЕРСИТЕТІ – ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АСЫЛ МҰРАСЫН НАСИХАТТАУШЫ

*Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында: «Біз осы іргелі құндылықты ұрпақ санасына сіңіре беруіміз керек. Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Осы үш тағанды озық әрі табысты елге айналудың басты кілті деуге болады» – деп атап көрсетті.*

*Адал азамат болу үшін білімгерлерімізге білім бере отырып, ғылыми жолға бағыттауда орта ғасыр ойшылдарының ұлттық руханият, халықтар достығы мен толеранттылық мәдениетін қалыптастыру идеяларын басшылыққа алу құнды қайнар көз болып табылады. Қазіргі білім берудің негізгі қағидасы әртүрлі ғылыми идеялармен байланысты. Осы ұстанымды әл-Фараби өз заманының энциклопедисті ретінде көрсетті. Ұлы ойшыл идеяларын насихаттап, білім мен ғылымды ұштастырып дамытуда әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті 90 жыл бойы жоғары білім берудің отандық және халықаралық деңгейдегі көшбасшысы болып келеді.*



*Фараби университетінің 90 жылдық тарихы жастарымыздың интеллектуалды дамуы мен түрлі салада білім алуға мүмкіндік беріп отырған ғылым ордасына айналды. Қазіргі заманның талабына сай инновациялық дамудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыруда өзін әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеге қабілетті зерттеу университеті ретінде танымал болып отыр.*

*Университетте еңбек нарығының сұранысын қамтамасыз ететін, жоғары бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда жоғары ғылыми потенциалды кафедралар мен ғылыми-зерттеу институттары, қуатты зияткерлік орталықтар, зерттеу лабораториялары, инновация мәселелері бойынша технопарктер бар.*

*Қазақ ұлттық университеті әлемдік ғылымда болып жатқан өзгерістерге және қалыптасып келе жатқан тендецияларға қалыспай бейімделуде. Осы мақсатты жүзеге асыруда шетелдік компаниялардың ғылыми білім беру орталықтары құрылды. «SAMSUNG» инновациялық сервистік академиясы, «Intel-KazNU» жоғары өндірмелі есептеу орталығы , «Hewlett Packard» орталығы, «Autodesk» ғылым және білім беру орталығы, «Konica Minolta» оқу-зерттеу лабораториясы, «Лаборатория Касперского» орталығы, Әл-Фараби атындағы CISCO «KazNU Information Technologies Academy» академиясы, Техникалық қауіпсіздік жүйелері, Информатика кафедрасы жанындағы «Computer Science» орталықтарында білім алушылар әлемдік ғылымның тәжірибесін меңгеруде. Университетте отандық және шетелдік білім алушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, патриоттық рухын, оптимистік дүниетанымын қалыптастыру үшін барлық жағдай жасалған және студентке өзінің таланттары мен қабілеттерін толық ашуға мүмкіндік берілген.*

*Жастар ұйымдары, студенттер үйі, кампус, Жас ғалым үйі, спорт клуб, мұражай, «Керемет» әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер орталығы, «Парасат» даму орталығы, Print орталық, ART-center FARABI UNIVERSITY және т.б. ұйымдарда білім алушылар өздерінің талаптарын қанағаттандыра алады.*

*Әл-Фараби: «адам өмірінің мақсаты бақытқа жету, жоғары жетілу болса, оған жету үшін адам қандай әрекетке баруын көрсету қажет. Бұл тек әрекетшіл парасат алғашқы білім болатын, ақыл жетерлік мәндерді қорытындылағанда ғана мүмкін болады» -деп айтқандай, университетіміз 90 жылдық тарихы барысында адам мұратына жету үшін игілікті істерімен үлесін қосуды жалғастыра бермек!*

**Жұмагүл МАРТОВНА,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ**
**Ұлттық университеті**
**Философия және**
**саясаттану факультеті**
**Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының**
**аға оқытушысы**
**Аруна КЕРНЕЕВНА,**
**Әл-Фараби атындағы Қазақ**
**Ұлттық университеті**
**Экономика және бизнес**
**жоғары мектебі**
**Бизнес-технологиялар**
**кафедрасының аға оқытушысы**

# КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ӨРТ ҚАУІПТІ КЕЗЕҢ



***Ескелді Ауданы әкімдігінде-ауданның су тасқыны кезенің өткізуі және де өрт қауіпті кезең тақырыбы бойынша Аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы- Жақсыбаев Нұрдаулет Нұргелдіұлы тікелей эфирге шықты.***

Баяндамада су тасқыны салдарынан орын алған төтенше жағдайды ескере отырып, аудан әкімдігі - төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесі отырып су тасқынының алдын алу бойынша бірқатар жұмыстар жүргізді, мемлекеттік сатып алу порталымен, сенбілік айы аясындағы науқандармен - өзен арналары тереңдетілді, қоқыстар мен ағаштардан тазартылғандығы айтылды.

Өзен арналары мен арықтарды тазарту ауылдық округ әкімдері тарапынан да атқарылуда.

Жалпы жүргізілген жұмыстардың септігінен аталған учаскелерде су тасқыны қауіпі азайтылды, дегенмен ауа- райы құбылыстарына байланысты аэро-визуалды бақылау апта сайын жүргізілуде, қазіргі уақытта жағдай тұрақты.

Жыл сайын көктемнің келуімен өрт жағдайы күрделене түседі. Әдетте, осы кезеңде құрғақ шөптер мен қоқыстарды рұқсатсыз жағу орын алады, бұл орман өрттерінің пайда болуына және шаруашылық құрылыстары мен азаматтардың тұрғын үйлерінің жануына әкелуі мүмкін.

Осыған байланысты Ескелді ауданының ТЖБ қызметкерлері, Ескелді ауданының ауылдық округтеріне барды, ауылдардың өрт қауіпті кезеңге дайындығын бағалау мақсатында өртке қарсы ерікті құрамалардың байқауы, сондай-ақ орман және дала өрттерін сөндіруге қатысатын құрал-саймандар мен техниканың жарамдылығы мен жинақталуы өткізілді.

Өрттің негізгі себебі көп жағдайда адамның бұрыс әрекеті болып табылады. Халықпен, агроқұрылымдардың басшыларымен жазғы кезеңде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау туралы профилактикалық жұмыс күшейтілетін болады. Орманшылықтар мен демалыс орындарының тексерілуі өтеді. Өрттің туындауына жол бермеу үшін өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін білу және сақтау қажет:

- учаскені және оған іргелес аумақты жанғыш қалдықтардан, түскен жапырақтар мен шөптерден уақтылы тазартыңыз;
- қоқыстарды жақын орналасқан қосалқы құрылыстардың жанында жақпаңыздар;
- жеке үйлер мен бау-бақша учаскелеріне апаратын көшелердің өтуіне тосқауыл қоймаңыз, себебі бұл өрт сөндіру автомобильдерінің өтуіне кедергі келтіреді;
- электр желілерін, электр тұрмыстық, газ аспаптарын пайдалану кезінде сақтық шараларын сақтаңыз;
- ашық отты пайдаланған кезде абай болыңыз: шамдар, керосин және дәнекерлеу шамдары, оларды қараусыз қалдырмаңыз;
- балалардың отпен ойнауына жол бермеңіз.

Әрбір тұрғын үйде және бақша учаскесінде отты сөндіруге арналған құралдар мен өртке қарсы мүкәммал: суы бар ыдыс (бөшке) немесе өрт сөндіргіш, киіз, шелек, күрек және қосалқы саты болуы қажет.

Егер сіз өрттің алдын ала алмасаңыз:

- дереу 101 нөміріне қоңырау шалыңыз!
- диспетчерге өрттің орны, оның себебі және адамдар үшін ықтимал қауіп-қатер туралы нақты ақпаратты хабарлаңыз.
- әрі қарай нақтылау үшін өз атыңызды, телефон нөміріңізді атаңыз.
- өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін отты сөндіру үшін барлық қолжетімді тәсілдерді (құм, су, жамылғы, киім, өрт сөндіргіштер және т. б.) пайдалана отырып, өртке тез ден қою қажет.)

**ЖШ АҚПАРАТ**

# ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланғанан соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 13-мамырдан 31-мамырға дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді. Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 31-мамыр айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 03-маусым айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «

жылғы __________»_____ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне (72836) 3-17-68 телефон арқылы хабарласуға болады.( мекен-жайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 20 кабинет.)

**Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі**

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Ескельдинский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Жетісу шұғыласы» и интернет-ресурсе Акимата Ескельдинского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 13 мая по 31 мая, по адресу: (040500 область Жетісу , Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67), в кабинете №5 Акимата Ескельдинского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 31 мая 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 03 маусым 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» _______ года» (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните в отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района тел: 8 (72836) 3-17-68 (адрес: Ескельдинский район, с.Карабулак , ул.Сәтпаева № 65 3 этаж, кабинет №20.)

**Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района**

# ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ, ВЫСТАВЛЯЕМЫХ НА КОНКУРС

| Лоты № | Местоположение земельного участка (сельский округ) | Площадь га. | Вид угодья земельного участка | Качественные харакеристики почвы | Баллы бонитета | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона | Срок аренды |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Акынсаринский с/о | 17,7 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 2 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 3 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 4 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 5 | Акынсаринский с/о | 13,5 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 6 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 7 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 8 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 9 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 10 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 11 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 12 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 13 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 14 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 15 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 16 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 17 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 18 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 19 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 20 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 21 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| 22 | Акынсаринский с/о | 15 | богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднемощные | 29 | не обеспечено | специализованный | 10 лет |
| | **Всего** | **339,5** | | | | | | |

# МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ

*Жуырда «Білім беру саласының үздігі» Әбдікерім Мұхаметкәрімұлының ағартушылық ісінде ұзақ жылдар бойғы еңбегі еленді. Ол ауданның ғылым мен мәдениеті, білім беруді дамытуға қосқан үлкен үлесі үшін «Ескелді ауданының құрметті азаматы» атағына ие болды. Осындай мәртебеге қол жеткізген ардагер ұстазбен сұхбаттасудың сәті түскен еді.*

*Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, ешнәрсені ұмытпайтын... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек.*

**Әл-Фараби**

*Ұстаз – ұлы есім. Ұстаз дана адам, ол барлық оқушыларға пана бола білген кісі. Ұстаздың сабырлылығына, даналығына барлық адамзат бас иетіні хақ. Сондай бейнеттің еңбегін көріп жатқан, ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беруге өмір жолын арнаған ұлағатты ұстазымыздың бірі, ауданымызда қызмет атқарып жүрген Әбдікерім Мұхаметкәрімұлы.*

*«Әбдікерім Мұхаметкәрімұлы, қаншама асулар мен белестерді еңсердіңіз. Ескелді ауданының игілігі үшін аянбай тер төгіп, еселі еңбек еттіңіз. Бұйырса, пайғамбар жасына аяқ басып, мерейтойды атап өтуге де алыс емес екен. Әрдайым жақындарыңыздың сүйіспеншілігіне бөленіп, аман-есен жүз жасаңыз. Үлгі-өнегеге толы өмір жолыңызға тоқталып өтсеңіз.*

*- Мен Қаймулдинов Әбдікерім Мұхаметкәрімұлы 1961 жылы 20 мамырда Ақсу ауданы, Суықсай ауылында дүниеге келгенмін. Сол ауылдағы Гагарин атындағы орта мектепке 1978 жылы аталған мектепті бітіріп, оқуға түспегендіктен сол ауылдағы Ақсу қой совхозына құрылысшы болып жұмысқа кірдім. 1979 жылы қазан айында Совет армиясының қатарына шақырылдым. Екі жыл Отан алдындағы борышымды Моңғол Халық Республикасында өтеп 1981 жылы қараша айында оралдым. 1982 жылдың қаңтар айында Қазақ Мемлекеттік университетінің география факультетіне дайындық бөліміне қабылдандым. 1982 жылдың маусым айында аталған университеттің бірінші курсына қабылдандым. 1987 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіріп тамыз айында жолдамамен бұрынғы Талдықорған ауданы қазіргі Ескелді ауданына Баиысов ауылындағы ескі атауы Дзержински атындағы жаңаша атауы Темірғали Рустембеков атындағы орта мектепке география пәні мұғалімі болып жұмысқа орналастым. Содан 1990 жылдың қаңтар айында Ескелді аудандық білім бөліміне инспектор болып тағайындалдым. 1991 жылдың наурыз айында өзіміздің аудандағы Маметова атындағы орта мектепке директор болып тағайындалдым. 2017 жылы Ескелді ауданындағы Қарабұлақ кентіндегі Титов атындағы орта мектепке директор болып тағайындалдым. 2023 жылдың ақпан айында ротация бұйрығымен Шоқан Уалиханов атындағы орта мектеп гимназиясына директор болып тағайындалдым және қазірге дейін қызмет атқарамын. Жалпы директорлық қызметте еңбек өтілімім 33 жыл.*





**Қазіргі білім саласындағы жүйеге көңіліңіз тола ма?**

- Көңілім толмайды деп айта алмаймын. Бәрі келешектің жұмысы. Жалпы білім саласында жақсылыққа қарай көп өзгерістер орын алып жатыр ғой. Менің бұрынғы еңбек жолыммен салыстырсам жер мен көктей. Қазір жаппай «Цифрландыру бағдарламасы» енгізгелі барлық іс технологиямен байланысты. Түрлі гаджеттер дамыған заманда қолдағы ұялы телефон мен компьютерге тәуелділік басымдық алуда. Баға қойылмайды. Электронды жүйеде тіркеледі. Менің кезімде компьютерлер енді келіп жатқан-тын. Осы күні қарасам, кейінгі буын заманауи қимылдап, соңы техниканы қалай болса солай тез меңгеруде. Елдің жаңашылдыққа ұмтылып, дамуы құптарлық іс. Жан-жағыңа қарасаң, әрбір екінші баланың қолында соңғы үлгідегі ұялы байланыс құралын байқайсың. Дегенмен, оқушылардың білім ордасына сабаққа телефон әкелуін қоштамаймын. Бұл жайтқа алдағы уақытта арнайы заң ба, жоқ әлде, тапсырма ма, әйтеуір, салмағы бар шектеу қойылса деген ойдамын. Қазіргі балалардың осылай мектептегі сынып бөлмесінде телефон ұстауына ата-ананың да ықпалы бар. Осы жағын да айрықша ескеру қажет. Білім сапасы ең басты мақсат бәрімізде.



**Мәселен дейік, ҚР Оқу-ағарту министрі болсаңыз. Қандай реформа жасар едіңіз?**

- Мен Министр болсам, ең бірінші ауылдағы мектептердің материалдық техникалық базасын жақсартар едім. Үлкен қалалық мектептерде материалдық техникалық базалары өте жақсы. Себебі ата-аналар, жеке кәсіпкерлер яғни спонсорлар көп көмек береді. Ал шет жақтағы ауылдық переферияңдағы мектептер материалдық базасы әлі сын көтермейді. Әлі ескі лабораториямен, ескі мектептермен отыр. Екінші реформам, мәселен, қазіргі жастардың арасында тіпті, жаппай десем, қателеспеймін іскер, әрі білімділер қатары артуда. Олардың ынта-жігері шектен тыс. Бәлкім, бұл заман талабына байланысты да шығар. Қазақстанда білімін жетілдіріп, бірнеше тіл меңгеріп, шет елдерге кетіп қалып жатқандар аз емес. Бұл біздің ел үшін үлкен қасірет. Мұндай дарынды жастарды өзімізде алып қалу үшін бар жағдайды жасауымыз қажет. Үй болса үй, жақсы табысы мол жұмыс орны болса, жұмыс ұсынуымыз тиіс. Сонда ғана, олар қыр асып, өзге мемлекеттің сойылын соқпайды. Мемлекетті дамытатын жаңа жобаларын басқа елде іске асырмас еді. Осындай ғылыми тұжырымды ұсынатын жастарды іріктейтін бағдарлама мемлекет тарапынан жүзеге асса және ол барлық өңірлерде, тіпті, түкпір-түкпіріндегі ауылдарда да, оқушылар мен жастар арасында өткізілсе, нұр үстіне нұр ғой. Менің ойымша, мұндайда баланың жасырын қызығушылығы оянып, жаңа дүниелер жарық көрер еді. Себебі бала қиялында шек жоқ.

**Бүгінгі білім ошақтарындағы да қағазбастылықты азайтуды тапсырғанмен, соншалықты кемімеді. Байқап жүрміз, ұстаздар өз пәнінен бөлек қосымша жұмыстарымен түннің бір уағына дейін, тіпті, таңғы 3-4-ке шейін отыратындар кездеседі. Қазіргі Күнделік.кз, қосымша қағаз, ТЖБ-БЖБ (тоқсандық және бөлімдік жиынтық бағалау) қажет пе?**

*- Бұл сұраққа келсек, мен ойлаймын негізі мұғалімдердің жұмысы кішкене болса да жеңілдеді. Қәзіргі кезде компьютерде интернет бар, бұрыңғы уақытта қолмен жазушы едік. Әр мұғалім өзіне қатысты ғана жұмысты атқарады. Атап айтсақ, күнделік толтыру және сабақ жоспары. Ел Президентінің тапсырмасымен жаппай Цифрландыру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Сондықтан ерте ме, кеш пе, барлығы гаджеттер мен компьютерде шаруасын жасауға бейімделетін шығар. Әдепкіде қиын болуы мүмкін. Бірақ, келешекте бұдан да зор қиындықтар кездесуі мүмкін. Сол себепті де, қазір ұсынылған кезде уақыт ағымына ілесе, орындаған абзал. Кезінде біз де үйілген қағаздарымызды үйге әкеліп, түнімен жұмыс істеп, таңертең қайта қызметімізге қосылатынбыз. Сабақ жоспарын жазып, келесі күнге әзірлейтінбіз. Ал, қазіргі мұғалімдер қағазбастылықтан құтылу үшін компьютерді жақсы меңгеруі тиіс. Ал, тоқсандық және бөлімдік жиынтық бағалауға келсек, ол міндетті түрде болғаны дұрыс. Себебі әр оқушының сабақты түсінуі, қабылдауы әр түрлі. Сол арқылы балалардың оқудағы білім сапасын білеміз.*

«Тәрбиесіз білім – адамзаттың хас жауы» деген тәмсіл бар. Осы күні жасөспірімдер арасындағы орын алып жатқан құқықбұзушылық, зорлық-зомбылық, кибербулинг, топтық төбелестің көбейіп кетуіне не әсер етті? Айтыңызшы, неге, тәрбие саласы әлсіреп барады. Мысал келтірсек, Жапонияда 6-сыныпқа дейін, тек ғана, қарым-қатынас жасауды бала бойына сіңіреді. Оның ішінде, үлкенді құрметтеу, оларға қамқорлық көрсету қажеттілігін, изеттілік пен кішіпейілділікке және мәдениеттілікке баулиды. Сонымен қатар, айналасын таза ұстауға бейімдейді. Яғни, мектепті жуу, спортзалды жинау, отырған жерін таза ұстауға тәрбиелейді. Сосын барып негізгі пәндерге көшеді екен. Бізге осы жүйені енгізуге не кедергі?

- Біліммен бірге балаларға тәрбие беруіміз керек. Тәрбиесіз білім, білім болмайды. Қәзіргі таңда тәрбие мен білімнің арасы алшақтап кетті. Себебі осы уақытта балаларымыз ұялы телефоннан басын алмай отырады. Көбіне интернет және әр-түрлі психалық ауруға шалдықтыратын ойындар балаларға қатты әсер беріп жатыр. Баланы үнемі қадағалау қиын болуда. Ата-ана ұрпағын бағып, асырау үшін аянбай тер төгіп, қаражат табу мақсатында үй көрместен жұмыс істейді. Сөздің шыны керек, балалар өздерімен өзі қалады. Ата-анадан бақылау болса бұндай шарасыз күйге түспес едік. Сондықтан ата-ана тәрбиесі керек. Әке-шеше жұмыстан келген бойда сауал қойып, бақылау жасау керек.

**Кезінде оқушы, жастарды еңбекке тартатын. Бүгінде бұның бірде біреуі жоқ. Не себеп?**

*- Қай кезде де, адам еңбекпен шыңдалады. Меніңше, еңбек тәрбиесі қайта жаңғыртылуы тиіс. Еңбек пәнін қайта қосу керек. Біздің кезімізде 90 жылдары біліммен бірге еңбек қатар жүретін. Ұлы ағартушы жазушыларымыз да білімді алып, еңбекті үйренген. Күзгі уақытта мектепке бармай сахманға, қылшаға барып көмектесетін. Ал жазғы каникул кезінде қойды қырқуға баратын. Сонда біліммен бірге практиканы қолданып, еңбекке баулиды. Одан бөлек мектебіміздің полын жуатынбыз. Оны тықырдай тазалап жумасақ кезекшіден ескерту алатынбыз ғой. Ол кездегі пайым бойынша, бізді барынша еңбекке баулу болатын. Кішкентайымыздан жұмсап, үй шаруасына араластыратын. Ал, бүгіндері байқаймын, баланы қолдан жатағандыққа бейімдеп, жұмсауға аса құлық танытпайды. Олардың күні бойғы жұмысы – ұялы телефонына үңілу. Сондықтан, бала психологиясын дұрыстау бағытында отбасы тарапынан қадағаланып, күніге үй тірлігіне қатысты шаруаларды жасата беруі керек. Сондай-ақ, мектепке еңбек сабағын қосқан абзал. Бұл бұлжымас тәртіпке айналғаны дұрыс.*

**Мұғалімдер мәртебесін көтерді көңіліңіз тола ма?**

*- Бұл лезде орындалатын іс емес. Бұл бірте-бірте іске асатын мәселе. Шүкір, қазір жәйлап, жақсы-жақсы ұсыныстар жүзеге асырылуда. Ең бастысы, ұстаздардың жалақысы көтерілді. Олардың еңбегі еленіп, билік тарапынан ерекше көңіл бөлінуде. Жас мамандарға мемлекеттік бағдарлама арқылы қаражат бөлініп, қолжетімді баспана иелену мүмкіндігі туада.*

**оқыту сапасын көтеру үшін қандай әдіс-тәсілдерді қолдану қажет?**

- Қәзіргі ақпараттық қоғамда түрлі әдіс-тәсілдер интернет желілерде толып жатыр. МОДО деген оқу жетістіктерін сырттай бақылайтын мекеме 4 жылда 1 рет тексеріп отырады. Одан қалса, әр түрлі халықаралық ұйымдар бар. Біздің оқушыларымыздың білім сапасын бақылап отырады. Және де мектепте де ішкі бақылау бар. Әр тоқсан сайын қай бала қанша баға алды соның бәрін қорытындылап отырамыз. Дегенмен, жылдан-жылға білім сапасы ауданымызда ақырындап көтеріліп жатыр, бұрыңғыдай емес.

**Мұғалімдер арасын-**

**Қазір мектепте қоғамдық бірлестік деген бар. Соның қандай қажеттілігі бар?**

*- Менің ойымша мектепке қоғамдық бірлестіктердің қажеті жоқ, Себебі, ата-аналар комитеті бар, ақырындап жұмыс жасауда.*

**Ұстаз болу оңай ма?**

*- Ұстаз! Қандай қасиетті сөз! Әр адамның жүрегіне ерекше жылулық нұрын себетін аяулы тұлға бейнесімен өзектес ұғым. «Ұстаз болу - жүректің батырлығы» дейді. Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, тәлім тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойларына дарытып, адамгершілік рухта бағыт бағдар беруде еңбек деген зор. Ал жас мұғалімдер кәсіби шеберлігін шыңдау керек, шығармашылығын дамыту жолында аянбай еңбек ету керек. Ең бастысы - баланы жүрекпен жақсы көру керек. Дегенмен ұстаз болу қәзіргі заманда өте қиын.*

**«Арман – адам қанаты» дейді, арманыңыз қандай?**

*- Адамда арман бітпейді ғой, шексіз. Ең басты арманым мемлекетіміздің мәртебесі өсіп, осындай тыныш заманда ауызбіршілігіміз ажырамай, тату-тәтті өмір сүрсек. Кезінде көрген қиыншылықты ұрпақтарымыз көрмесе екен деймін. Адамның арманы кішкентай үйден жанұядан бастау алып мемлекетпен аяқталады емес пе?! Заманымыз тыныш болсын ең бастысы.*

**Ұстаздық жолыңызда шәкірттеріңізбен болған ең қызықты сәттеріңізді айтып берсеңіз?**

*- Ұстаздық жолда бірі қуантатын, бірде жылататын әр түрлі сәттер болды. Ең алғаш ұстаздық қызметімді бастаған Рустембеков мектебіне жас мұғалім болып келдім. Сол кезде оқушыларыммен практикамен қылшаға шығып, қырманға барған кезім. Ол кезде 25 шамасында едім, ал оқушыларым 17-18 шамасында болған.*

**«Ұстаздың қанша жақсы шәкірті болса, сонша мекені бар» дейді. Сіздің шәкірттеріңіз қазір қандай салада қызметтер атқарады?**

*- Ісім оңсын десеңіз,*
*Сол істің маманы болыңыз.*
*Даңқым шықсын десеңіз,*
*Көпшіліктің адамы болыңыз,*
*- деп Әл-Фараби атамыз айтқандай, өз істерінің маманы бола білген шәкірттерім өте көп. Олардың көпшілігі осы ауданымызда елеулі еңбек етуде. Шәкірттерім әлі де хабарласып, іздеп келіп тұрады.*

***«Жапырағын жайған бәйтерек, тереңге тартқан тамырын» демекші, ардагер ұстазымыздан, сізден, бәйтерек ағашына, жас мұғалімдерге, арнап тілек айтсаңыз.***

*- Қазіргі заман талаптарына сай жаңа сабаққа қойылатын талаптарды меңгеру, бүгінде білім - өркениетті елдердің құнды капиталына, сенімді тірегіне айналуда, білім менеджментін дамыту мен үздіксіз білім алуды мақсат еткен, болашақтың құзіретті тұлғасын тәрбиелеудегі зор міндетті жүктеген жас маман, болашақ ұлт ұстазы - Сіздерсіздер! Жас ұрпақтың жарқын болашағына жұлдызды жол салатын, құзіретті тұлға, жас маман да - Сіздерсіздер!*

*Ел мүддесін бәрінен биік қоятын, ізінен ерген ұрпағына ұлылығын ұялатып, бір қауымға бас-көз бола білген ардагерлер ұстаздарымыздың орны қашанда ерекше. Білім беру саласындағы ұзақ жылғы жемісті еңбектері және жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде біраз жетістіктерге жеткен аяулы ардагер ұстаз Сізге салиқалы сұхбатыңыз үшін алғыс білдіремін.*

*Деніңізге саулық, мерейіңіз үстем болып, отбасыңызға бақыт тілей отырып, ұзақ ғұмыр кешіңіз демекпіз.*

**Ақниет ЭЛЬДАРҰЛЫ,**
**Сұхбаттасқан.**

# ПАЙ-ПАЙ ШІРКІН, ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНДЕРІ-АЙ!

*Ескелді ауданындағы Мәдениет үйінде «Пай-пай шіркін, қазақтың келіндері-ай!» тақырыбында келіндер сайысы өтті. Мағыналы байқауды аудандық Мәдениет үйі ұйымдастырды. Басты мақсат - қазіргі жас келіндер арасына ежелден ұмыт болған ата дәстүр салтымызды қайта жаңғыртып, қазақ келініне тән әдемілік, әдептілік, изеттілік және ісмерлік пен тапқырлықты дәріптеу.*

*Байқау шымылдығын аудандық аналар кеңесінің төрайымы Карипова Дина ашып, келіндерге сәттілік тіледі. «Атадан қалған ұлттық тәрбие қай кезде де өзекті. Біз ұлы иманды, қызы инабатты ұлттың ұрпағымыз. Балаларымыздың дұрыс болуын қаласақ «Келешегіңді ойласаң, бесігіңді түзе» демекші, тәрбие беруді бесіктен бастағанымыз жөн. Осындай өнегелі іс-шаралардың қатары көбейе берсін», – деп бақ сынаушы келіндерге батасын берді.*






*«Пай, пай, шіркін, қазақтың келіндері-ай, көл дария секілді пейілдері-ай» десе дегендей-ақ қазақ келіндерінің бар болмысын бойларына жиған ауданның 9 келіні баптарын да, бақтарын да сынады. Қатысушылардың бірі - ұстаз болса, енді бірі - ментор эксперт, тағы бірі - мемлекеттік қызметкер. Сан-салада табысты еңбек етіп, бір отбасының түтінін түтетіп, әулет тізгінін жалғап отырған берекелі келіндер ұлттық киіммен сахнаға көрік берді.*

*Келіндер 5 кезең бойынша сынға түсті. «Тегін білу тектілік» атты алғашқы кезеңде өздерін таныстырған келіндер ортаны өлең-жырмен толтырды. Ал «Менің бір күнім» атты екінші кезеңде қатысушылар алдын-ала берілген үй тапсырмасы бойынша бір күндігінен бейнеролик түсірді. «Өнерлі келін - өнегелі келін» атты үшінші кезеңде өз өнерлерін ортаға салды. Әулетпен ән салған келіндер көп қошеметіне бөленді. Сонымен қатар қатысушылардың арасында жолдасымен, енесімен, қызымен бірге ән шырқағандар болды. Бұл дегеніңіз нағыз отбасылық бақыт. Себебі бақ сынауға бел буған отбасының бір мүшесіне деген құрмет, сыйластық, әрі қолдау. Осындай берекесі жарасқан отбасыларға көрермен қауымы да ерекше ризашылығын білдіріп отырды. Бұл кезең сайыстың ең көрікті бөлімі десек те болады. Қазір қоғамда белең алып отырған «ене мен келін» деген суық қарым-қатынастың керісінше жарасымдылығын көрсетіп, ой салған өнер ортасы болды. Ән де шырқалды, би де биленді, мағыналы өлең де оқылды, сіңліге сыр да жеткізілді. Бәрі де қазақы қалыппен, әдемі қимылмен өрілді. Ал «Ене тәлімін алған епті келін» атты қорытынды кезеңде талапкерлер қамыр илеп, оны жайып, кеспе кесуден жарысып әділқазылардың алдына ұсынылды. Сондай-ақ «Ана көрген тон пішер» атты кезеңде талапкерлер өз қолдарымен жасалған бұйымдарын әділқазылардың алдына ұсынды. Ерекше дизайнмен жасалған көрпеше, жастық, түрлі бұйымдар көздің жауын алып, бір-бірінен асып түсті. Қатысушылардың әрбірі бір ғана бұйым емес, бірнеше бұйымды сахна төріне алып шыққанда келіндердің бос уақытын тиімді өткізіп, жоқтан бар жасап, қажетсіз дүниені кәдеге жаратардық. Иә, қазақ халқында «Жақсы қыз болу - бақыт, жақсы ұл болу - одан да үлкен бақыт, ал жақсы келін болу -нағыз бақыт» деген мақал бар. Қай кезде де қазақтың келіндері өздерінің ибалылығымен, инабаттылығымен үлкенге де, кішіге де үлгі бола білген.*

*Сайысты қорытындылаған әділ-қазылар сайыс барысында үміткерлер тарапынан кеткен кемшіліктерді жасырмай ортаға салып, олардың өзгелерді тәнті еткен жақсы жақтарын да атап өтті.*

*«Бүгін тағылымды, тәрбиелі, үлкен мәні бар іс-шараның куәсі болдық. Салт-дәстүрді ұстану, үлкенді құрметтеу, сәлем салу - мұның бәрі қазақылығымызды танытып тұратын ұмытылмайтын дүниелер. Келіндердің барлығы жақсы өнер көрсетіп, салт-дәстүрді жете білетіндігін аңғартты», - дейді, әділ-қазылар алқасының төрайымы Кешубай Айман*



*Осылайша, қазақ келінінің ақылы мен парасаты сынға түскен байқау да өз мәресіне жетті. Қазылар алқасы үшін «мыңнан тұлпар, жүзден жүйріктерді» анықтаудың қиын болғаны рас. Соның нәтижесінде «Зерделі келін» номинациясы бойынша Қоңыр ауылдық ветеринарлық пунктінің вет операторы Шәкенова Сандуғаш, «Парасатты келін» номинациясын Алдабергенов ауылынан Қанат Меруерт, «Өнерлі келін» номинациясын, Ақын Сара ауылының тұрғыны - Тұрысбек Ұлан, «Шебер келін» Қарабұлақ ауылының тұрғыны - Төрешова Диана алса, ІІІ-дәрежелі дипломды Қаратал ауылының келіні Давлетярова Зауремен Сырымбет ауылының келіні Сапар Серікгүл иеленді, ал ІІ-дәрежелі дипломды Жетісу ауылының келіні - Толқын Мерей алды. І-дәрежелі дипломды Қайнарлы ауылының келіні Хабитан Гүлзипа иеленді. Ал, Көкжазық ауылының келіні, екі баланың анасы Намазбекова Гүлдана Болысбекқызы сайыстың бас жүлдесін қанжығасына байлады.*

*Сайысқа қатысушы барлық талапкерге арнайы диплом, бағалы сыйлықтар табыс етілді. Сайысты ұйымдастырушылар қатысушыларға қойылған талаптар өте жоғары болғанын, десе де жас келіндердің өздерін жақсы қырларынан таныта алғандарын жеткізді.*

*Бұл Мәдениет үйінде осы уақыт аралығына дейін қаншама іс-шаралар өткізілді. Ал биылғы жылға біз қазақ келіндерінің қай бағытқа қарай бара жатқанын, дәстүр-салтымызға қалай қарайтынын анықтау мақсатында осы келіндер сайысын ұйымдастырдық. Бауыржан Момышұлы «Бесік жырын айта алмайтын келіндерден қорқамын» деген еді. Біздің сайысқа «Бесік жырын» қосуымыздың басты себебі осы. Алайда, келіндер бесік жырын беске айтып, бізді қорықпауға болатынымызды аңғартты. Келіндер сайысы өте жоғары деңгейде өтті. Ауданның ибалы да инабатты келіндері сайысқа қатысуға ниет білдіріп, өздеріңіз байқағандай ерекше дайындалып келгендерін паш етті. Бұл іс-шара отбасылық құндылықтарды дәріптеп, қоғамдағы аналар мәртебесінің артуына сеп болады деп ойлаймын. Қатысушыларды қолдауға келіп отырған отбасы мүшелеріне, ұжымға арнайы уақыт бөлгені үшін ерекше алғысымды білдіремін. Осы байқаудың мәнді де, сәнді, көрікті өтуіне қол созған баршаңызға алғысым шексіз», - деді аудандық Мәдениет үйінің директоры Оспанов Қанат Тәңірбергенұлы.*

*Иә, қазақ халқында келіннің орны қашанда ерекше. Бүгінгі төрімізде отырған қызымыз ертең бір азаматтың жары, бір әулеттің келіні, болашақ ана. Сондықтан әрбір қазақ қызы өз шаңырағының бақыты болсын дейміз. Сахнада да сәлемін үзбеген инабатты келіндер, бір-бірін қолдауға дайын шаттығы шалқыған отбасылардың қатары арта берсін.*

**Меруерт ЕРБОЛАТОВНА**

# ОРАЗА АЙТ-ҰЛЫҚ МЕЙРАМ

*Ораза айт - Қасиетті Рамазан айының ораза күнінің соңғы күнінен кейінгі және Шәуәл айының бірінші күнгі мұсылмандардың маңызды діни мейрамы. Ислам дініндегі екі айт мейрамының бірі. Бұл күні мұсылмандар мешітте жиналып жамағатпен айт намазын оқиды. Мұсылмандар оразадан кейін ауыз бекітпейтін ең алғашқы күн. Отыз күн оразада жасаған құлшылық ғибадаттан кейін мұсылман жұртшылығының бір сәт үзіліс алып, мерекелік көңіл-күйде Алланың сансыз нығметтеріне ой жүгіртетін кезі. Мәртебесі биік, барша мұсылман қауымына ортақ ұлық мейрам.*

*Біз қазақ халқында да бағзы заманнан айт күндері қырық немесе жетпіс үйге айттап кіріп шығу керек деген дәстүр бар. Бұл қаңға сіңген қонақжайлылықты, қазақ халқының ақжарма, кең пейілдігінен туындаған ізгі салт. Отыз күнгі ораза мұсылмандарды тақуалыққа баулыса, айт күнгі қуаныш күйбең тіршіліктегі өкпе-назды ұмытып, адамдардың бір-бірінің босағаларында көрісіп, дәм татып, мұсылмандардың бауырмалдығын күшейте түседі.Осынау ғасырлардан бері, ұлық мереке біздің ұлы даламызда аса жоғары бағаланып, осы уақытқа дейін ұлықталады. Одан бөлек, бұл мейрамда әрбір мұсылман орындауға міндетті амалдар бар. Алғашқысы, пітір садақасын беру.Пітір – оразаның кемшіліктерін толтыратын, Құдайға шүкіршілік ету үшін берілетін және кедейлерді қуантатын садақа. Бүкіл ел қуанып, тойлайтын мейрам күнінде пітір садақалары арқылы қажетті нәрселерін алып, кедейлер де жұрт қатарлы қуанып шаттанады. Пітір садақасы Рамазан айы басталғаннан бастап айт намазына дейінгі аралықта берілу қажет. Егер пітір садақасын бермегендер болса, Айт намазынан кейін берілген пітір садақа жәй садақа болып есептеледі. Екіншісі, тәкбір айту. Тәкбір - Аллаh Тағаланы ұлықтау дұғасы. Тәкбір « Аллаhу әкбар» сөз тіркесімен айтылып, мұсылманның ғибадатқа, құлшылыққа, белгілі бір іс-әрекетке кірісер алдындағы аузына алатын сөзі. Үшінші, Айт*




*намазын оқу.Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын)өсиетінде: «Айт күні бірінші орындайтынымыз – намаз оқу», – делінген. Айт намазы дінімізде уәжіп амал болғандықтан, Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінде оны бір рет те қалдырмай оқыған. Ислам кез келген мерекенің ғибадаттармен өткерілуін құптайды. Сондықтан айт мерекесі арнайы ғибадаттармен басталады.Төртінші, намазға шығар алдында құрма жеп шығу.Сүннет бойынша мұсылман адам намазға шығар алдында құрма дәмінен ауыз тиюі керек. Бұл пайғамбарымыздың (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оразаның аяқталып, айт күндері басталғаны жайында берген белгісі. Бесінші, жаңа киім кию, ғұсыл құйыну, әтірлену.Бұл ұлық мерекеде мұсылман адам шамасы келгенше мешітке жаңа киім киіп, әтірленіп барған абзал. Ислам діні тазалық діні, сол себептен, мұсылман бауырлар өзіне ғана емес және де жанындағы адамдарға жағымды болуы қажет. Алтыншы, қуаныш, шаттық көрініс табуы. Ораза айт кезінде, әрбір мұсылман адам, кішісі мен кірісі, жасы мен ересегі, осы мейрамды жан-тәнімен қабылдап, сезіне білуі қажет. Рамазан айынан шығып, келесі Рамазан айы туғанша асық болуы керек. Жетінші, Ораза және Құрбан айт күндері ораза ұстауға болмайды.Бұл күндері бастапқыда айтып кеткендей, мұсылман жұртшылығы құлшылық пен қатар, қуаныш мейрамын тойлата білуі міндеттеледі. Сегізінші, мұсылмандардың бір-бірін құттықтауы.Намаз біткен соң мұсылмандар қол алысып, төс қағысып, бір-бірін Айт мерекесімен құттықтайды, жақсы тілектерін айтады. Реңжісіп қалған ағайын-туыс, жора-жолдас бір-бірінен кешірім сұрап жарасады. Ал әйелдер қауымы үйде қазан асып, дастарқан жайып, айттық шай әзірлейді. Көрші-қолаң бір-бірінің үйіне кіріп дәм ауыз тиеді, шаңырақ иесіне аман-саулық тілеп, айтпен құттықтайды. Осылайша, Қасиетті Рамазан айының аяқталғанын білдіретін Ораза айт – мейірімділіктің, игіліктің, бірліктің, изеттіліктің, қайырымдылықтың мейрамын мұсылман жұртшылығы осылай қарсы алады.Ораза айт мерекесінде бір ай бойы ораза ұстап, ықыласпен жақсылық жасаған адамның құрметке, марапатқа ие болатын кез.Осы шақта, Алладан мол сауапқа кенелуін тілеп, дұға-тілек қылатын ғибадат кезін бітірген адамдарға сол күнді көруге нәсіп еткен ұлық мереке.*

*Ұлық мерекеде, әрбір мұсылман қауымының тілеген дұға-тілектерін Алла қабыл етіп, сауабы бол қылсын.*

**АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНЕН**

# ЧТО НУЖНО ЗНАТЬ О БАД-АХ?



***Биологические активные добавки не являются лекарственными средствами, они относятся к пищевой продукции.***

***В настоящее время распространяется реклама в социальных сетях и онлайн торговля биологически активных добавок (БАД), не прошедших государственный контроль, подтверждающий их безопасность и качество, сообщает комитет санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения РК. БАД относятся к специализированной пищевой продукции и документом, подтверждающим его безопасность и качество является свидетельство о государственной регистрации (СГР), которое выдается органами здравоохранения на основании протоколов исследований и экспертных заключений научно-исследовательских организаций Республики Казахстан и государств-членов Евразийского экономического союза. С перечнем зарегистрированных БАД можно ознакомиться в Едином реестре свидетельств о государственной регистрации на официальном сайте Евразийской экономической комиссии.***

***Более того БАДы рекламируются с позиционированием сведений об обладании лечебными свойствами, хотя БАДы не являются лекарственными средствами, а относятся к пищевой продукции. При взаимодействии с уполномоченным органов в области информации проводится работа по блокированию незаконной рекламы в интернет-ресурсах.***

***Настоятельно рекомендует приобретать БАДы в аптеках, аптечных пунктах, специализированных магазинах и торговой сети с требованием предствления СГР.***

***Ваше здоровье в Ваших руках!***

**Е. СЕЙСЕМБИНОВ,**
**Руководитель УСЭК Ескельдинского района**
**Т. ЖАКИШЕВ,**
**Главный специалист УСЭК**

# КОРЬ. КАК ЗАЩИТИТЬСЯ




***Корь — очень летучая инфекция с воздушным механизмом передачи. Вирус выделяется не только при кашле и чиханье, но даже при обычном разговоре. При этом контакт с больным не обязателен для того, чтобы заразиться. Достаточно, чтобы в помещении, куда вы пришли, незадолго до вас побывал больной. Вирус легко разносится через вентиляцию. В этом сложность профилактики кори.***

Корь является одной из ведущих причин смерти среди детей раннего возраста во всем мире, несмотря на наличие безопасной и эффективной вакцины. В наше время многие продолжают считать корь детской инфекцией, которая не представляет никакой угрозы взрослым. С другой стороны мы все знаем, что тот, кто не болел в детстве детскими инфекциями, может болеть ими взрослым, причем у взрослых болезнь протекает значительно тяжелее.

Корь – это вирусная инфекция, которая в первые дни маскируется под всем нам знакомое и привычное респираторно-вирусное (ОРВИ), что еще больше способствует распространению инфекции, ведь подъем температуры, покраснение глаз, насморк, кашель – вряд ли заставит подумать как близких больного, так и врача, о том, что это может быть корь. Такие больные идут (или ведут, несут своих детей) в поликлиники, ездят общественным транспортом, при этом активно распространяя вирус при разговоре, кашле, чихании и даже просто при дыхании.

Корь характеризуется поэтапным появлением сыпи, начиная с лица и опускаясь с туловища на ноги. Сыпь появляется только на 5 сутки заболевания, когда уже можно заподозрить корь, а вирус выделяется с первых минут болезни.

Само заболевание может протекать по разному: от легких, трудно диагностируемых случаев, до крайне тяжелых форм. Как все вирусные инфекции при кори бывает множество осложнений: коревая пневмония, поражения сосудов всего организма, поражение головного мозга.

Важно помнить, что единственная защита от кори – это прививки живой коревой вакциной. Проведенные уже в этом году исследования множества переболевших показали, что перенесенное в детве заболевание, в подавляющем большинстве случаев не обеспечивает защиту более, чем на 10-12 лет, т.е. тот, кто переболел давно, да еще и не знает точно, была ли это корь (со слов родственников, без лабораторных исследований) не может считать себя в безопасности.

В соответствии с Национальным календарем профилактических прививок, первая вакцинация против кори проводится детям в возрасте 12 месяцев, ревакцинация (повторная прививка, для подкрепления иммунитета) – в 6 лет. Все лица, до 35 летнего возраста, имеющие только одну прививку, полежат повторной иммунизации. Если Вас пригласили на проведение прививки, то знайте, что это в ваших интересах и интересах ваших детей. Отказ от прививок как детей, так и взрослых может очень дорого обойтись не только вам, но и самым дорогим для нас – нашим детям!

При необходимости лечь в больницу, также необходимо позаботиться о наличии сведений о вакцинации против кори, иначе Вам откажут в госпитализации и будут абсолютно правы, это закреплено на законодательном уровне (кроме состояний, угрожающих жизни).

На сегодняшний день в Ескельдинском районе зарегистрировано 56 случаев (дети и подростки-42, взрослое население-14).

Победить корь и обезопасить себя и своих близких можно только при вакцинации всего населения! Защитите себя и свих близких!

**Любовь ГАСНИЧЕНКО ,**
**ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» районный врач-педиатр**

# КОКЛЮШ У ДЕТЕЙ

***Коклюш у детей – острое инфекционное, очень заразное заболевание, которое провоцируется бактерией Bordetella pertussis. Основные клинические симптомы – приступообразный кашель с поражением верхних дыхательных путей. В давние времена инфекцию называли стодневным кашлем, так как её проявления даже при лечении не проходят на протяжении 3, а иногда и 4 месяцев.До того, как начала применяться вакцинация, это заболевание у детей было одним из самых распространённых. Врождённого иммунитета, который вызывается материнскими антителами, для этой болезни не существует. Заразность составляет до 90%, однако у переболевшего или привитого остаётся стойкий пожизненный иммунитет.***

Эпидемиология-Коклюшем могут заразиться только люди. Источником являются не только уже заразившиеся, но и носители. В этом плане особенно опасны те, кто выделяет бактерии в окружающую среду, но сами никаких клинических признаков заболевания не имеют.

Передаётся бактерия воздушно-капельным путём, особенно опасны в этом плане закрытые коллективы – школьные классы, группы в детских садах. Чаще всего заболевание поражает детей дошкольного возраста, но особую опасность коклюш представляет для малышей до 2 лет. Подъём заболеваемости отмечается в зимне-весенний период.

Симптомы коклюша у детей проявляются очень ярко. Инкубационный период составляет от одной до двух недель, и никаких жалоб у пациента в это время пока нет. Однако бактерия уже делает в его организме своё губительное дело. Как только начинают проявляться первые признаки болезни, а это кашель и чихание, пациент становится опасным для окружающих, так как с этого момента он становится заразным. Изоляция при коклюше должна составлять 25 дней – это позволит не распространиться инфекции дальше.

Начинается коклюш у детей постепенно, с повышенной температуры тела и симптомов интоксикации. По мере развития болезни начинают ярко проявляться следующие признаки коклюша у ребёнка, которые проявляются синдромами:Респираторным, с поражением верхних дыхательных путей. Он выражается в виде кашля и небольшого насморка.

Интоксикационным, с периодом выраженной температуры, который быстро заканчивается. Если температура тела на высоких цифрах держится длительное время, это говорит о том, что у пациента начинается пневмония.

Но главный симптом коклюша у детей – кашель. Его интенсивность постепенно нарастает, и с 10-14 дня болезни он становится очень мучительным, протекает приступами, на фоне которых может развиться остановка дыхания и затруднённый вдох. При таком приступе у ребёнка синеет лицо, кончик языка смотрит вверх, есть большая вероятность развития небольших кровоизлияний в кожу лица или склер. Часто такой приступ заканчивается рвотой.

При тяжёлом течении болезни с постоянными приступами кашля, за сутки их может быть до 15, и постоянной рвотой, отмечается значительное ухудшение и физического состояния. Дети до года сильно теряют в весе, начинают отставать в развитии, часто теряют те навыки, что у них уже были приобретены.

**Осложнения**

***Самым частым осложнением коклюша у больного является пневмония. Она может вызываться самим возбудителем инфекции или быть вторичной, из-за ослабления иммунных сил и присоединения других патогенов. Наравне с пневмонией у ребёнка может развиться бронхит или плеврит.***

***Из-за деструктивного воздействия коклюшевых бактерий на ткани лёгких повышается вероятность развития эмфиземы. При тяжёлом течении есть вероятность развития ателектаза лёгких и даже спонтанного пневмоторакса.***

***У малышей первого года жизни при тяжёлом течении болезни есть большая вероятность остановки дыхания, развития пупочной или паховой грыжи. У них нарушается поведение, появляется расстройство внимания, сон становится беспокойным, появляется раздражительность. Всё это говорит о начале энцефалопатии.***

***Прогноз и профилактика***

***Прогноз в большинстве случаев благоприятный – наступает полное выздоровление. Основной метод профилактики – вакцинация, которая проводится в первый год жизни***

**Любовь ГАСНИЧЕНКО ,**
**ГКП на ПХВ «Ескельдинская ЦРБ» районный врач-педиатр**

# ВОПРОСЫ ОБЯЗАТЕЛЬНОГО СОЦИАЛЬНОГО МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ ОБСУЖДАЛИСЬ С СОТРУДНИКАМИ ПРЕДПРИЯТИЙ ЖЕТІСУ



***Филиал фонда социального медицинского страхования по области Жетісу совместно с городскими поликлиниками провели встречу с коллективом компании АО «Азия электрик», ТОО «ТФ Ажар», ТОО «Метакон», «Талдыкорган көркейту», ТОО «JLC СУТ».***

Работники озвучили массу проблем, с которыми сталкиваются в ходе посещения поликлиник. Это – длительное ожидание оказания медицинских услуг по показаниям здоровья, отказы в предоставлении медицинских услуг, грубое отношение медицинского персонала, направление на платные лабораторные исследования, диагностики по показаниям здоровья, который определяет врач.

При этом многие не знали о работе службы поддержки пациента, которая имеется в каждой медицинской организации и создана для решения проблем по принципу «Здесь и сейчас», так как пациент не должен оставаться один на один со своей не решенной проблемой. Сотрудниками филиала Фонда разъяснена деятельность службы поддержки пациентов, к слову, контактные данные ответственных лиц, то есть заместителей директоров указаны в медицинских организациях в доступном месте зачастую это рядом с регистратурой или справочной.

«Перед оплатой за медицинские услуги Фонд проводит мониторинг качества оказания медицинской помощи в субъектах здравоохранения. Лишь после этого Фондом производится оплата. И согласно № 321 приказа Министерства здравоохранения о правилах мониторинга, пациент не должен ожидать получение консультативной или диагностической услуги свыше 10 дней. При невозможности соблюдения сроков поликлиника обеспечивает своего пациента консультациями и обследованиями по направлению в организации соисполнителей для своевременного оказания услуг населению», - резюмировала руководитель отдела по информированию населения и рассмотрению обращений филиала Фонда Мадина Нургалиева.

Также в рамках встречи были обсуждены вопросы получения медицинской помощи в рамках ГОБМП и системы ОСМС, права пациентов, закон об ОСМС и много другое. Работники предприятия задавали интересующие их вопросы представителям поликлиник города Талдыкорган и получили исчерпывающие ответы.

Если при наличии статуса «Застрахован» возникают вопросы или проблемы с получением медицинской помощи в поликлинике можно незамедлительно обратиться в службу поддержки пациентов (есть в каждой поликлинике) или в филиал Фонда по области Жетісу по номерам +7 7282 55 90 06, 55 90 07, 55 90 13.

**Филиал по области Жетісу**
**НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

# КЛЮЧЕВЫЕ АСПЕКТЫ ОСМС ОБСУЖДАЛИСЬ НА ВСТРЕЧЕ С КОЛЛЕКТИВОМ ГКП «ТЕПЛОСЕРВИС ТАЛДЫКОРГАН»



***Состоялась встреча по вопросам системы обязательного медицинского страхования с коллективом предприятия Теплосервис Талдыкорган.***

***Сотрудники задавали вопросы касательно оформления больничного листа, маршрута пациента при обращении за медицинской помощью в рамках ОСМС, получения направления к узким специалистам, сохранения статуса «Застрахован» во время длительного нахождения на больничном и другие актуальные вопросы сферы здравоохранения.***

***«Согласно Закону об ОСМС для приобретения статуса «Застрахован» необходимо иметь непрерывные платежи за последние 12 месяцев или за год вперед если это самостоятельный плательщик. А при длительной нетрудоспособности по больничному листу работник оформляется на установление группы инвалидности и входит в льготную категорию согласно Закону об ОСМС, или же оплачивает в качестве самостоятельного плательщика – 5% от 1 МЗП, в текущем году сумма составляет 4 250 тенге за месяц»,- пояснила руководитель отдела информирования населения и рассмотрения обращений граждан филиала Фонда Мадина Нургалиева.***

***В ходе собрания представители филиала Фонда рассказали сотрудникам о их правах в системе ОСМС и каналах связи Фонда, а также службы поддержки пациентов в случае возникновения вопросов об ОСМС и с получением медпомощи.***

**Филиал по области Жетісу**
**НАО «Фонд социального медицинского страхования»**

